АҚМОЛАДА РАЦИОНАЛИЗАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША ЖЫЛ САЙЫНҒЫ СЕМИНАР ОТЫРЫС ӨТТІ 3 стр.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА
№60-61 (2443-2444) 05/07/2019 ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА railnews.kz
Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

**Исламбек МАЙШЕКИН,**
**ГЛАВА ПРОЕКТНОГО ОФИСА «АДАЛ ЖОЛ»:**

**«БЛАГОДАРЯ УСОВЕРШЕНСТВОВАННОЙ СИСТЕМЕ ПРОДАЖ ЭЛЕКТРОННЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ БИЛЕТОВ КАЖДЫЙ ПАССАЖИР ТЕПЕРЬ ИМЕЕТ РАВНЫЙ ДОСТУП К ПРЕДОСТАВЛЯЕМЫМ МЕСТАМ В ВАГОНАХ»**

ХАБАР–ОШАР

## СӘТІМЕН ЖҮЗЕГЕ АСҚАН ЖОБА

**Семейлік теміржолшылар еңбегіне қарқын алдырған бірден-бір шара мемлекеттік «Нұрлы жол» бағдарламасы болып отыр. Осы жобаның ел шығысында сәтімен жүзеге асуы өз кезегінде бөлімшедегі жүк тиеу және жүк түсіру жұмыстары бойынша оң көрсеткіштерге себеп болып отыр.**

Жыл сайын белгіленген жоспардан тыс қосымша жүк тасымалдануда. Мәселен, «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында осыған дейін қызметтік тәртібі бірқалыпты саналатын Суықбұлақ станциясындағы жүк тиеу көрсеткіштері анағұрлым жоғарылап отыр. Себебі, аталмыш мемлекеттік бағдарлама аясында халықаралық және республикалық маңыздағы автожолдарды салу үшін станция аумағынан қиыршық тас өндіретін қуаттылығы жоғары зауыт ашылды.

Сол тәрізді 1 класты Жаңа-Семей жүк станциясынан темірбетонды өнімдер мен «Силикат» ЖШС-ның кірпіш өнімдерін тиеу де арттырылған.

Дәл осындай жайт әсіресе күрделі жөндеуден өтіп жатқан республикалық маңыздағы Қалбатау-Майқапшағай күре жолы жанындағы 3 класты Жаңғызтөбе станциясында да орын алуда. Мұндағы ашылып жатқан зауыт иелері тарапынан қосымша кірме жолдар мен тұйық желілер салу туралы іскерлік ұсыныс түсуде. Сонымен қатар, аталған станция бойынша жүк түсіру көлемі күрт артуы себепті биылғы жылғы меже бойынша 7 800 вагонға жеткізілмек.

Қазіргі танда мұнда «Нұрлы жол» бағдарламасы аясындағы құрылыс үшін битум, металл конструкциялар, ТБҰ, қиыршық тас түсірілуде.

Бұл жұмыстардың аясында жыл басынан бері пысықталған бірқатар жоспарлы шаралар да іске асырылуда. Атап айтсақ, Семей теміржолы – республикамыз бойынша ағаш өнімдерін тасымалдайтын бірден-бір бөлімше. Қымбат бағалы құрылыс материалдарына жататын орман өнімдерін тиеу мен түсіру және ел түкпіріне жеткізу ісі соңғы жылдары оң динамикаға ие. Мәселен, өткен жылы компания бойынша орын алған ағаш тасымалының 26 пайызы семейлік теміржолшыларға тиесілі. Жүк тасымалының бұл түрі бойынша былтырғы жылғы жалпы көлем 247,8 мың тоннаны құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 44 пайызға артқан болатын.

Семей ЖТ бөлімшесінің логистика және тасымалды ұйымдастыру бөлімі мамандарының айтуынша, бұл көрсеткіш биылғы жылы да еселеп өседі деп күтілуде. Оған себеп, соңғы 4 айдың көрсеткіші бойынша ағаш өнімдері 90,4 мың тоннаны құрап, өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырмалы түрде алғанда 17 пайызға артық орындалыпты.

Жалпы, Семей теміржолы бойынша құрылыс материалдарының тасымалы Қаражыра көмірінен кейін екінші орында тұр. Ағымдағы жылы жергілікті теміржолшылар толық көлемі 12,0 млн тоннаның үстінде жүк тасымалдауды жоспарға алып отыр. Оның ішінде әлбетте, мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы аясындағы құрылыс заттарының үлесі мол болмақ.

*Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей*

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# МҰНАЙ ЖОЛЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Құлсары-Мақат телімінде өткен аптаның соңында жолды сауықтыру жұмыстарына орай жалпы ұзындығы 16,132 шақырым жолға күрделі жөндеу жұмыстары басталды.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
*Атырау*



Жол телімі Атырау магистральдық желі бөлімшесінің Құлсары жол дистанциясына қарайды. Айта кетерлігі, Құлсары-Мақат телімі – ең бір ауыр, салмақты жүк көп әрі жиі жүретін участке. Өйткені «Теңізшевройл» ЖШС-не қарасты мұнай өндіруші Теңіз кенішінен шығатын мұнай өнімдерін, құрылыс құрал-жабдықтарын тиеген ауыр жүк вагондары көбіне осы телім арқылы қатынайды. Мақат бөлімше жүрегі саналғандықтан, сол тораптық станциядан вагондар қиыр-қиырға таралады. Сондықтан осынау аса маңызды телім – Мұнай жолының күрделі жөндеуден өтуі Атырау теміржолы үшін аса маңызды.

Дистанция басшысы Шамшиден Құрманбаевтан алған мәліметіміз бойынша, жол жөндеу жұмыстары күніне алты сағаттан – кешкі 6 мен түнгі 12 аралығында «толаскез» алып жасалуда. Нақты айтар болсақ, қазіргі уақытта 470-бекет – Байтерек станциясы аралығындағы 1283-1285 шақырымда жол жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Ал уақыттың кешкі мезгілге таңдалуы, көзіқарақты оқырман біліп отырғандай, өңірдегі алапат аптап ыстыққа байланысты. Шілденің ми қайнатар ыстығында жұмысты тек кешке бастап, түнгі 11-12-ге дейін жалғастырып отырған жол төсеушілердің еңбегіне баға жоқ.

– Аталған телімде жолды күрделі жөндеу жұмыстары мердігер мекемемен барлық технологияға сай жүргізілуде, ал соны дистанция мамандары күндіз-түні бірге жүріп қадағалап, жолдың сапалы жөнделуіне өз үлестерін қосуда. Жөндеу жұмыстары жүк және жолаушы пойыздарының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында күніне 6 сағаттан «толаскез» алып жасалуда. Жобаны жүзеге асырушы – теміржолшыларға танымал және сенімді серіктес, бұрынғы «Жол жөндеуші», қазіргі «Integra Conctruction KZ» ЖШС-нің Қызылорда филиалының ұжымы.

– Күніне шамамен бір шақырымдай жолды жөндеуден өткізуге күш салып отырмыз. Қазіргі жүк ағыны көбейіп отырған жағдайда қозғалыс жылдамдығы мен тасымал мүмкіндігін арттырып, пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тарамдардың беріктігі мен орнықтылығын көтеріп, балласты қиыршық таспен, ағаш шпалдарды темір бетонмен ауыстырудамыз, – дейді дистанция бастығы Шамшиден Құрманбаев.



Жол құрылысы барысында әуелі ескі жолдарды алып тастап, орнын бульдозермен тазалап тегістейді.Содан соң 25 метрлік рельс торкөздері салынып, астына қиыршық тас төгіліп, орнықтырылады. Ал 25 метрлік рельс торкөздері Мақатта дайындалып әкелініп отырады. Төсемді нығыздау аяқталған соң, темірбетон шпалдар отырғызылады. Бірақ бұл да ақырғы жұмыс емес. Барлық жұмыс аяқталған соң, 25 метрлік рельстер алынып тасталып, олардың орнына 730 метрлік түйіспесіз ұзын рельстер төселеді. Жолды күрделі жөндеу жұмыстарына 20 шақты техника, яғни бульдозерлер, крандар, шебень төсегіш, нығыздағыш машина, т.б. пайдаланылуда. Сондай-ақ, 150-дей адам, олардың ішінде жол монтерлері, механизаторлар, бульдозершілер, кран машинистері, арнаулы техника мамандары, т.б. бар.

Сонымен қатар өңірдегі жол, электр, байланыспен қамту дистанцияларының еңбеккерлері де жолдың техникалық талапқа сай салынуына орай өз тараптарын бақылауда. Бағыттама бұрмалары, бағдаршам, байланыс құралдарының да ауыстырылуы қамтамасыз етілуде. Жұмысшыларды жатын орнынан жөндеу жұмыстары жүріп жатқан участкеге тасымалдау, мезгілімен тамақтандыру үшін модульді вагондар, арнайы көліктер ұйымдастырылған.

Күрделі жөндеу жұмыстары кезінде аталған Құлсары-Мақат телімі аралығында пойыздардың қозғалысына кедергі болған жоқ. «Толаскездер» телімде қозғалыс сиреген кездерге туралап алынып, жұмыс кестеге сай атқарылуда.

*Суреттерді түсірген автор*

БРИФИНГ

# НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ДИАГНОСТИКЕ ПУТИ

Выездной брифинг по вопросам повышения качества диагностики путей прошел в АО «НК «ҚТЖ».

**Роман ЛЮБИМОВ**

В рамках мероприятия представители СМИ ознакомились с особенностями работы новых мобильных диагностических комплексов (МДК), внедренных в рамках проекта АСУ «Магистраль» (государственная программа «Цифровой Казахстан»).

Директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр диагностики пути» Аслан Акашов отметил, что целью проекта является обеспечение безопасности движения за счет своевременного выявления неисправностей пути и дефектов рельсов. После накопления данных комплексной диагностики, их обработки планируется перейти на ремонт по фактическому состоянию железнодорожного пути.



– Современные технологи позволяют нам сегодня совмещать несколько диагностических комплексов в одном вагоне, – отметил он. – Новые комплексы могут проводить диагностику со скоростью до 90 километров в час. Чтобы охватить всю магистральную сеть Казахстана планируется ввести в эксплуатацию шесть МДК, в настоящее время работают три комплекса и показывают отличные результаты.

Штат каждого комплекса разделили на две смены – по 9 человек, включая начальника смены, его заместителя, четырех инженеров, двух наладчиков и проводника. Они будут работать вахтовым методом – по 15 дней. Начальником мобильного диагностического комплекса назначен Сергей Эйхорн.

Напомним, решение о тиражировании проекта АСУ «Магистраль» было принято после успешной эксплуатации первого МДК, с помощью которого за три года было выявлено более 1000 дефектов рельсов.

Новые комплексы значительно усовершенствованы по сравнению с первым. Помимо современной лазерной системы измерения геометрических параметров рельсовой колеи с расширенными параметрами, они проводят контроль состояния рельсового хозяйства и видеоконтроль состояния элементов верхнего строения пути, а также установлены система пространственного сканирования и система георадиолокации. То есть измеряемые параметры дают возможность качественно диагностировать фактическое состояние пути и земляного полотна. Они позволяют в режиме реального времени автоматизировано определять величину зазоров в рельсовых стыках, отсутствие стыковых болтов и оперативно принимать меры по приведению скорости движения поездов в соответствие с состоянием пути. Один МДК может охватить порядка 6000 километров пути в месяц.

Срок службы измерительного оборудования – от 7 до 10 лет, после чего ему потребуется средний или капитальный ремонт с заменой основных узлов и агрегатов.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

НОВОСТИ

## РАБОТА МЕЧТЫ

**16 студентов казахстанских вузов получили работу в группе компаний АО ФНБ «Самрук-Қазына» по итогам программы стажировки «Жас Өркен». Так, по результатам программы текущего года молодые люди трудоустроены в портфельные компании Фонда, среди которых и АО «НК «ҚТЖ».**

Программа реализуется по проекту Фонда «Жас Самрук», направленного на поддержку и развитие молодежи Казахстана в рамках реализации Года молодежи.

Новых сотрудников поздравил глава Фонда Ахметжан Есимов.

– Ваша жизнь только начинается, и это большая честь – работать в таком месте. Это отличная возможность для каждого из вас, используйте ее. Но и вы, ваша энергия и идеи сегодня нужны экономике страны, – подчеркнул он.

Интерес к программе ежегодно растет. Так, в 2017 году в конкурсном отборе участвовало порядка 600 выпускников, в 2019-м – 4500.

Чтобы оказаться в числе выпускников программы, студентам пришлось пройти четырехуровневый отбор, включающий лучшие мировые практики по оценке способностей и потенциала. Их возможности оценивались конкурсной комиссией, в составе которой управляющие директора Фонда и группы компаний, а также независимые наблюдатели из государственных органов РК и международных организаций.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

## ПУТЕЙЦЫ НЕ ДРЕМЛЮТ

**В связи с аномальной жарой, периодически сопровождающейся ливневыми дождями, неустойчивой погодой в регионе, сложилась сложная паводковая ситуация на реке Хоргос. Алтынкольские путейцы держат ситуацию под контролем.**

Как отмечает начальник Алтынкольской дистанции пути Алибек Аскар, июнь текущего года выдался дождливым и стал своеобразным экзаменом на прочность и выносливость для работников путевого хозяйства. В ночь с 3 по 4 июня в связи с обильными дождевыми осадками в бассейне реки Хоргос резко поднялся уровень воды, поток воды составил 20 $м^3$/сек. В полночь уровень воды достиг максимальной отметки – 40-45 $м^3$/сек, но уже утром пошел на спад. В срочном порядке было организовано дежурство за наблюдением потока, противопаводковые мероприятия по пропуску воды, выставлены мобильные наблюдательные посты.

По защите берегоукрепительной дамбы на реке Хоргос выполнены все намеченные работы. Тщательно укреплен правый берег со стороны станции Алтынколь, произведена заливка бетонным раствором тела продольной защитной стенки и шапочного бруса протяженностью 620 метров. В целях укрепления вдоль берегоукрепительной дамбы уложен бутовый камень со стороны станции Алтынколь протяженностью 430 метров. Выполнена работа по спрямлению русла в створе между автодорожными и железнодорожными мостами в объеме 5314 $м^2$.

Силами дистанции пути выполняются мероприятия на случай возникновения угрозы размыва берегоукрепительных сооружений в период паводка и селевых выбросов в бассейне реки. Путейцы уложили вдоль дамбы железобетонные блоки, некондиционные железобетонные шпалы, бутовый камень. Ежедневно производилась работа по расчистке русла с применением спецтехники.

– Ситуация под контролем, мы принимаем все действия во избежание большой воды, проводятся обходы и объезды с целью контроля над проходом паводковых вод под мостами и обеспечения целостности сооружений. Организовано круглосуточное дежурство опытных ремонтников ИССО на потенциально опасных местах, – комментирует Алибек Аскар.

*Елена КОЛДАСБАЕВА,*
*Алматинская область*

ЦИФРА НОМЕРА

**БОЛЕЕ**

**700**

**КОНТЕЙНЕРОВ ПЕРЕВЕЗЕНО С МОМЕНТА ЗАПУСКА РЕГУЛЯРНОГО ФИДЕРНОГО СООБЩЕНИЯ НА КАСПИИ**

АҚПАРАТ

# ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

**Елді дүр сілкінткен Арыстағы ауыр жағдай теміржол саласын да айналып өтпеді. Төтенше жағдай болған 24-27 маусым аралығында халық көп қатынайтын Тараз, Шымкент, Түркістан қалаларына пойыз және автокөлік арқылы 15 мыңнан астам жолаушы тасымалданыпты.**

Жолда бөгелген пойыздарда қалған жолаушыларға вагон-мейрамханаларда және вокзалдарда жергілікті атқарушы органдармен бірлесе тегін ауыз су мен тамақ берілген. Сондай-ақ, осы аралықта билет кассаларына жүгінген жолаушыларға 50 миллион теңгені құраған билеттердің ақшасы қайтарылыпты. Сондай-ақ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ Арыс қаласынан Нұр-Сұлтан қаласына дейін 200 баланы жеткізуге атсалысты.

«Арыста болған төтенше оқиға кезінде Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері, ҚР ІІМ Төтенше оқиғалар жөніндегі әкімдікпен бірлесе жұмыс істедік. Олар жолаушыларды тасымалдау үдерісіне үлкен көмек көрсетті. Сонымен қатар меценаттар мен еріктілер азаматтық борыштарын абыроймен атқарып, Арыс станциясына жақын маңдағы станциялар мен қалаларға жолаушылар тасымалын ұйымдастыруға көмектесті. Осы қиын жағдайда көмек қолдарын созған жұртшылыққа айтар алғысымыз шексіз», – деп ақпарат таратты «Жолаушылар тасымалы» АҚ атынан Қоғамның баспасөз-қызметі.

Қазіргі таңда Арыс станциясы бойынша жол жүру толықтай қалпына келтіріліп, билет кассалары жұмыс істеп тұр.

*Ислам ТАЛҒАТ*

# ҚУМАЖОЛДАҒЫ ҚЫРСЫҚ

**27 маусым күні кешкі 16 сағат 20 минут шамасында Ақтоғай-Аягөз телімінде пойыз қозғалысына кедергі келтірген тосын жайт орын алды. Жүріп келе жатқан жүк пойызының 12 вагоны рельстен шығып кеткен.**

Аталмыш оқиға №27 жолайрығы мен Темекілі станциясы аралығындағы қумажолда орын алған. Оның салдарын жоюға іргелес орналасқан Аягөз және Ақтоғай станцияларынан қалпына келтіру пойыздары жылдам жетіп, жолшылар күшімен жеделдетілген жұмыс жүргізілді. Себебі, №301 «Новосібір – Алматы», №351 «Өскемен-Алматы», №311 «Семей-Нұр-Сұлтан», №459 «Өскемен-Достық», №32 «Алматы-Павлодар», №22 «Қызылорда-Семей» жолаушылар пойызы кестеден кешіккен еді.

Оқиға орнына Семей ЖТ бөлімшесі басшысының бірінші орынбасары бастаған, қозғалыс қауіпсіздігі саласы мамандары мен аймақтық ревизорлардан құралған арнайы комиссия жетіп, мән-жайды анықтауға бірден кірісіп кетті. Мәлім болғандай, зардап шеккендер жоқ. Қосымша күш жіберудің де қажеті болмаған.

– Жұмыла жұмыс жүргізу нәтижесінде 28 маусым күні таңғы 6 сағат 38 минут шамасында тосын жайт орын алған телім бойындағы жүк және жолаушылар пойыздарының қозғалысы қайтадан ашылды. Оқиға салдарының неден орын алғаны қазіргі таңда анықталып жатыр, – дейді Семей ЖТ бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің бастығы Дәулет Сүлейменов.

Ал, комиссия жұмысы қорытындыланған соң нақты шаралар қабылданып, тораптық жиындар барысында талқыланатын болады.

*Қуан ЕРТІС, Семей*

# НЕГІЗГІ ЖҮК – ХРОМ



**Ақтөбе өңірінде теміржолмен хром, құрылыс материалдары және металл бұйымдары қарқынды тасымалданып жатыр. Бұрын жүктің дені Қазақстан аумағын қамтыса, енді Ресей арасындағы тасымал да артып келеді.**

Өткен жылы 60 мың вагон хром кені, 302 вагон металл, 126 вагон құрылыс материалдары, тағы да бірнеше вагон саз, құрал-жабдықтар тасымалданып, яғни жыл ішінде 60 452 вагон жүктеліп, діттеген жеріне кедергісіз жеткізілген екен. Жүк түсіру көрсеткіші де жаман емес. Мәселен, өткен жылы 1794 вагоннан әртүрлі жүк түсірілген.

Мамандар жүк тасымалының көрсеткіші төмендегенін жасырмайды. Жоспар бойынша бір жылда 60 639 вагон хром кені тиелген. Сонымен қатар 452 вагон металл тасымалданған. Құрылыс материалдарының жылдық тиелу жұмыстары да көрсеткішпен салыстырғанда әлдеқайда аз.

«2018 жылы тек түсірілген жүк көлемі жоспардан артық орындалған. Жоспар бойынша бар болғаны 1780 вагон жүк түсіру белгіленген. Жүк тиеу-түсіруде басым бөлігі Дөң кен зауытына тиесілі. Мұнда хром кені тасымалданады. Қазіргі кезде металл цехы және Хромтау кірпіш зауытына құрылыс материалдары жөнелтіліп жатыр. Жүктердің негізі Қазақстан аумағымен қатар Ресей еліне жіберіледі. Ақсу, Жіңішке және Аносова станцияларымен тұрақты байланыс орнаған. Металдар Магнитогорск қаласындағы металл комбинатына жіберіледі. Ал ел ішінде металл Ақтау портына жөнелтіледі. Аносова қаласындағы зауытқа хром кені ұзақ жылдан бері тасымалданады. Ал Хромтау зауытында өндірілген кірпіштер ел аумағындағы барлық өңірге жеткізіледі», – деді Дөң станциясының маманы Гүлзия Рысмағамбетова.

2019 жылдың бес айында хром кені тасымалы 30 мың вагонға жуықтаған. Металл тасымалы 100 вагоннан асса, құрылыс материалы 40 шақты вагонды құраған және бір вагон саз жеткізіліпті.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*
*Суретті түсірген автор*

ЦИФРЛЫ ТЕМІРЖОЛ

# ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЖҰМЫСТЫ ЖҮЙЕЛЕНДІРУДЕ

Аягөз белгі беру және байланыс дистанциясы үшін соңғы жылдар қауырт жұмысқа толы. Ақтоғай-Аягөз-Шар станциялары аралығынан «Тұлпар-Тальго» вагондарынан жасақталған жолаушылар пойызының өтуі желі бойына жаңа технологиялар енгізіп, қауіпсіздік шараларын еселеп арттыруды талап еткен.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*

Соның аясында күні бүгінге дейін жоспарлы жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда білікті басшы, шебер маман Айдос Жұлдызбаев жетекшілік ететін ШЧ-30 мекемесі Аягөз-Ақтоғай, Аягөз-Жарма және Жарма-Шар телімдері аралығында қызмет көрсетуде. Жалпы, дистанция бойынша жаңа технологиялар өткен жылдан бастап белсенді түрде енгізіле бастаса, бүгінде оларды қолдану аясы тіптен кеңеюде. Атап айтсақ, линзалы бағдаршамның 145 жиынтығы жаңа жарықдиодты үлгіге ауыстырылыпты. Бұған қоса, байланысшылар жұмысына жасалған тағы бір жеңілдік – дистанция бойынша ОПС-3600 аккумуляторы толығымен іске қосылған болатын.

Қазіргі күні Ақтоғай, Аягөз және Шар станцияларында заманауи сандық қондырғылармен бірге МС-04DSL мультиплексорлары да жаңадан орнатылған.




Жаңашылдықтың тиімділігі мол екеніне аягөздік байланысшылар айқын көз жеткізуде. Мәселен, Тальго пойызы жүргенге дейін дистанцияда өткен ғасырдың орта шенінде шығарылған құрылғылар пайдаланылған болатын. Атап айтсақ, әуе желілерінің жауын-шашын мен боранды күндері тиімсіздігі байқалатын. Ал осыған дейін Ақтоғайдан Шар станциялары аралығына орнатылған оптикалық-талшықты кабельдер және МС-04 PCL сандық құрылғыларын қолдану жұмыстың жүйелі жүргізілуіне оң жағдай жасады.

Тағы бір айта кетерлігі, жаңашылдық аясында дистанцияда қалыптасқан екі мамандықты қоса атқару әдісінің маңыздылығы тіптен арта түскен. Біраз жыл бұрын аға буын өкілдері енгізген жолшы ісін қоса атқару шарасының тиімділігі еселенді. Осыған дейінгі көрсеткіш бойынша, бұл тәсіл ШЧ-30 мекемесіне қарасты 29 станцияның басым көпшілігінде қолданылуда.Жаңашылдық демекші, осыған дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның рационализаторлық қызметті ұйымдастыруда үздік филиал» атағын бірнеше мәрте иеленген дистанция биыл өндірістегі еңбек өнімділігін арттыруда жаңа ұсыныстар әзірлеуде.

– Қазіргі күнге дейін дистанция байланысшылары өз салалары бойынша, жылжымалы құрамның ақауға ұшырауына, пойыздардың кестеден кешіктірілуіне жол бермей келеді. Алдағы меже де осы – техникалық қызмет көрсету бойынша ақаулықтарға жол бермеу. Жаңа технология нәтижесінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – магистральдық желі дирекциясының үздік бағасын бұрынғы жылдардағыдай алдағы уақыттарда да алуға үміттіміз, – дейді пікір білдірген тәжірибелі аға буын өкілі, дистанцияның аға электрмеханигі Еркін Аимов.

Жалпы, Семей магистральдық желі бөлімшесінде байланыс және белгі беру саласында ЭЦ құрылғылары мен аспаптарын ескірген ғимараттардан заманауи жаңа модульдерге ауыстыру ісі де сәтімен жүзеге асырылуда. Қазіргі күні әр станцияда мұндай 4 нысан жұмыс істеп тұр. Сол тәрізді қумажолдар бойындағы КТСМ постыларын жаңа модульдерге ауыстыру ісі де орын алып, бүгінде 6 нысан қызмет көрсетуде. Бұл жаңашыл жетістіктер ішінде аягөздік байланысшылардың да қомақты үлесі бар.

*Суретті түсірген автор*

ЛОГИСТИКА

# ЖАМБЫЛ – ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ОТАНЫ

Киелі Әулиеата өңірі – химия өнеркәсібі мықтап дамыған аймақтардың бірі. Облыста осы сала бойынша өндіріс дамып, өңір экономикасының ілгерілеуіне өзіндік септігін тигізіп келеді. Мәселен, соңғы жылдары кеншілер қаласы Жаңатаста тәуелсіздіктің елең-алаңында тұралап қалған өндіріс ошақтарына жан бітіп, қайта жаңғыра бастады.



**Жасұлан СЕЙІЛХАН,**
*Тараз*

Салаға серпін әкелген «ЕвроХим» минералдық-химиялық компаниясының бүгінде жұмысы жүйеленіп, зауыт өндірістік қуаттылығын арттыру үшін жаңа жобаларды қолға ала бастаған. Ал фосфор мен минералды тыңайтқыштар өндіру жөнінен елдегі іргелі өндіріс орындарының алды болып тұрған «Қазфосфат» ЖШС алдағы екі-үш жылда тағы бір аммофос цехын салып, зауыт қуатын екі еселемекші. Осы жағдайларға байланысты Жамбыл жүк тасымалы саласында тасымалдау, логистиканы күшейту қарқын алды.

2012 жылы ҚР Үкіметі мен «ЕвроХим» арасында «Қазақстан Республикасындағы минералды тыңайтқыштар өндірісі және Қаратау фосфат бассейнін игеру бойынша зауыт құрылысы» инвестициялық жобасын іске асыру туралы тарихи келісімге қол қойылып, кен өндірудегі жұмыстарын бастап кеткен-тін. Түркістан және Жамбыл облысындағы екі фосфат кен орнында өндіріс 2014 жылдың басынан бері жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта Қытай және Орталық Азия нарығындағы калий сульфаты мен күрделі тыңайтқыштарды өндіретін кәсіпорын құру жоспарланып отыр.

Бүгінде компания кальций хлориді, кальций сульфаты және күкірт қышқылының қажеттіліктері үшін дикальций фосфатын өндіреді. Компанияның өндірістік активтері Ресейде, Латвияда, Бельгияда, Қытайда, Бразилияда орналасқан. 25 елдегі сату кеңселері 100-ден астам елдің клиенттеріне қызмет көрсетеді. Сонымен қатар компания азот пен фосфат тыңайтқыштарын шығарып, калий кен орындарын игеруді бастады. Компанияның барлық өнімдері стандартты, яғни жалпы мақсаттағы тыңайтқыштар және ұзақ уақыт қолданылатын, сондай-ақ мамандандырылған тыңайтқыштар.

Кен орындарын игеру бойынша инвестициялық жобаның бірінші кезеңі аяқталған. Нәтижесінде фосфат кенін өндіру және алғашқы өңдеуге арналған жобалық қуаттылыққа қол жеткізілді. Атап айтқанда, 2017 жылдың наурызында 1 миллион тонна фосфорит кені өндірілсе, өткен жылдың ақпан айында миллион тоннадан аса фосфат алынатын ұнтақ өндіріліп, тұтынушыларға жөнелтілген. Ендігі жерде инвестициялық жобаның екінші кезеңінің егжей-тегжейлі жобалау жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Нақтырақ айтқанда, бұл кезеңнің 70 пайыздан астам жұмысы аяқталып, химия кешені құрылысының алаңын дайындау үшін қазба жұмыстары жүргізілуде. Жобаны іске қосу 2021 жылға жоспарланып отыр.

Жалпы «ЕвроХим» ЖШС соңғы жылдары өнім түрлерін де, көлемін де арттыруға күш салып келеді. Мұны Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі директорының логистика жөніндегі орынбасары Әділ Түсіпов те растап отыр. Оның айтуынша, былтыр аталған компания 5 айға 227129 тонна өнімді темір жол арқылы тасымалдауды жоспарлап, оны артығымен орындаса, биылғы бес айға 257330 тонна жоспарлап, бірақ оның 238986 тоннасын ғана (93 пайыз) тасымалдапты. Дегенмен, былтырғыға қарағанда 105 пайызға артық өнім өндірген.

> **«ЕУРОХИМ» КОМПАНИЯСЫ ӨНДІРІСТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ШАРАЛАРЫН МЕҢГЕРІП КЕЛЕДІ. МӘСЕЛЕН, «ЕУРОХИМНІҢ» ҚАРАТАУ ФОСФАТ БАССЕЙНІН ДАМЫТУ ЖӘНЕ МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТ САЛУ БОЙЫНША СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ СӨЗ ҚОЗҒАЛЫП, БИЫЛ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА 1 МИЛЛИОН ТОННА ТЫҢАЙТҚЫШТАР ШЫҒАРАТЫН ХИМИЯ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ.**

Ал Жамбыл және Түркістан облыстарындағы бірқатар химиялық кәсіпорындарды біріктіретін «Қазфосфат» ЖШС-нің өндірістік нысандары – «Қаратау» тау-кен өңдеу кешені, жаңа Жамбыл фосфор зауыты, Тараз минералдық тыңайтқыштар зауыты, Темір жол көлігі кешені, Шымкент қаласындағы синтетикалық жуу заттарын шығаратын зауыттары тірлігін тіктеп, өнім өндіруде.

Серіктестіктің бас директоры Мұқаш Ескендіров 2016 жылы минералды тыңайтқыштар зауытындағы қайта жабдықтау жұмыстары өндіріс көлемін екі есеге ұлғайтуға мүмкіндік бергенін айтты. Сондай-ақ ағымдағы жылдың басынан бері зауыт 29,1 миллиард теңгенің өнімін өндірген. Оның ішінде 24 мың тонна азот тыңайтқышы болса, 122 мың тоннаға жуық фосфор тыңайтқышы өндірілген. Өнім ішкі нарықты толық қамтамасыз ете отырып, Қытай, АҚШ, Біріккен Араб Әмірлігі, Ресей елдеріне экспортталған.

– «Қазфосфат» – біздің негізгі клиенттеріміздің бірі. Өткен жылдың бес айында 896303 тонна өнім тасымалдаса, биылғы бес айға 1 135 323 тонна жоспарлаған. Бірақ бұл жоспарға жете алмай 1077606 тонна жүк салды. Дегенмен, былтырғы есепті кезеңнің көрсеткішімен салыстырғанда биыл 120 пайызға артығымен орындап отыр. Бұл көрсеткіштен химия өндірісінің, сәйкесінше Тараз-Жаңатас учаскесіндегі жүк тасымалының көлемі жылдан-жылға артып келе жатқаны анық аңғарылады, – дейді Әділ Түсіпов.

Еліміз бойынша химия саласының ең бір дамыған аймағы саналатын Жамбыл облысында өнеркәсіп өндірісінің 20 пайыздан астамын фосфор құрайды. Қазіргі уақытта аймақта заманауи химия кластерін құру жөнінде жұмыстар атқарылып жатыр. Қаратау мен Жаңатас қалаларындағы жобаларды және Шу қаласындағы «Химпарк-Тараз» арнайы экономикалық аймағын іске қосу арқылы облыстың өнеркәсіп өндірісінің көлемін едәуір арттыру шаралары да қолға алынған. Арнайы экономикалық аймақтың логистикалық мәселелері де шешіліп келеді. Мәселен, Шу-Аспара учаскесі арасындағы 3772 шақырымда жаңа станция пайда болды. Оны Integro компаниясы салып бітірді.

– Шудағы «Химпарк» биыл жүк салмайды бізге. Бірақ зауыттар құрылысы жүргізілуіне байланысты сырттан құрылыс материалдары көптеп келеді деп күтілуде. «ЕвроХим»өнімдерін темір жол арқылы Ресей, Өзбекстан асыруда. Олар өз өнімдерін 20-30 пайызға көбейткелі жатыр. Әзірге «Қазфосфат»-тың жолдары арқылы өздерінің кірме жолына кіруде. Болашақта өздеріне жаңа жол салмақшы. Сондай-ақ жаңа тепловоз алу да жоспарларында бар. Бұл біздің де жұмыс ауқымын көбейтпек. Ал Тараз-Жаңатас – жалғыз жолды участок. Жылдамдығы әр жерде әр қалай – 25, кей жерде 40 км/сағат. Шпалдардың ескілігінен салмақ нормалары да аса сын көтере бермейді. Осыған байланысты «Қазфосфат» басшылары елордаға барып осы мәселені көтерді. Яғни, жолдың сапасын жақсартып, жылдамдықты арттырып, салмақ нормасын жоғарылатып, тепловоздарды жаңартуды сұрады. Бізде бұрын «Эволюшн» деген екі тепловоз жүретін, олар батысқа жіберіліп, орнына жаңасын алдық. Одан бөлек орта күрделі күшейту жұмыстары Жұма-Тамды аралығындағы 37 шақырымда басталып кеткен. Бүгінге 10 шақырым жолды жөндеп қойдық. Ол жердегі жөндеу жұмыстарын қолға алған мердігер ПМС «Ағадыр» қазір күн жылыда солтүстіктегі жолдарды жөндеп алу үшін сонда кетті. Күзге қарай бізге қайта келеді. Қазір жаңа шағылтас төсеу жұмыстары ойдағыдай жүріп жатыр. Жылдамдық сағатына 40 шақырымға шықты, – дейді бөлімше директорының орынбасары.

Әділ Алдиярұлынан өңірдегі, соның ішінде Қаратау, Жаңатас қалаларындағы тау-кен өндірісінің артып келе жатқанына байланысты аталған учаскедегі темір жолды екі бағытты ету қажеттілігі туралы сұрап білдік. Дегенмен логистика маманы әзірге Тараз бен Жаңатас арасындағы учаскеге жолдың екінші бағытын салу ешқандай қажеттілік тудырып тұрмағанын ашып айтты.

– Бұл тұйық учаске ғой. Онда жеті тепловоз бар, бірақ оның бәрі бірдей емес, тәулігіне екеуі ғана алдын ала келісілген кесте бойынша жолға шығады. Оның ішінде жолаушылар пойызы да жүріп жатқан жоқ. Қазір жол табанын сауықтыру жұмыстары жүруде. Яғни, ағаш шпалды алып, темірбетон шпалдар салынуда. Бұл учаскедегі жолды біз жыл сайын күшейтіп отыруды көздеп отырмыз. Осы жұмыстардың өзі-ақ бізге олжа болғалы тұр, – дейді ол.

Сондай-ақ, Жаңатас станциясына іргелес Байқадам ауылы маңынан түріктердің компаниясы кальцийлендірілген сода зауытын салуды жоспарлап отыр екен. Биыл құжаттарымен айналысуда, 2020 жылдан бастап үш жыл көлемінде зауыт құрылысын аяқтамақ. Өндірістік қуаты тәулігіне 60-70 тоннаны құрайды. Бұл да жамбылдық теміржолшылардың жұмыс ауқымын арттыра түсетіні сөзсіз.

*Суретті түсірген автор*

СЕМИНАР

# ВНИМАНИЕ – НОВАТОРАМ

На Акмолинском отделении ГП по станции Нур-Султан проведен ежегодный семинар-совещание по вопросам рационализаторской деятельности, технической учебе и нормативно-технической документации на железнодорожном транспорте.



**Любовь РОББА**

В мероприятии приняли участие начальники станций, их заместители, инженерно-технические работники Акмолинского отделения грузовых перевозок, станций, локомотивных и вагонных депо, а также представители Центра научно-технической информации и анализа АО «НК «ҚТЖ». Модератором выступил начальник производственно-технического отдела станции Нур-Султан Дамир Берикказинов. Стоит отметить, что совещание проводится ежегодно, начиная с 2009 года.

– Семинар станет площадкой для обмена мнениями и опытом, позволит повысить результативность инженерно-технического состава и компетентность персонала, – отметил в приветственном слове начальник станции Нур-Султан Кайрат Оразбаев. – В век технической революции процессы на железнодорожном транспорте развиваются стремительно. И все мы в этом процессе участвуем. Если не будем совершенствовать свои знания, то хороших результатов не добьемся. Хотим, чтобы творческая мысль развивалась еще интереснее, материалы совещания и выработанные по его итогам рекомендации применялись в практической деятельности.

О новом проекте правил рационализаторской деятельности подробно в своем выступлении рассказала менеджер технического центра Жанар Ораз. Она отметила, что основное изменение касается интеграции идей в рационализаторскую деятельность.

– До конца года мы планируем внедрить новую систему на платформе АСУ НТИ, которая будет называться «Электронная цифровая библиотека». Для удобства работы и прозрачности хотим создать личный кабинет, с помощью которого автор с мобильного устройства может зайти в систему и под своим логином подать идею. Если потребуются дополнительные схемы, конкретное описание, то он самостоятельно будет заходить и дорабатывать свою идею. Далее идеи будут рассматриваться техсоветами второго и третьего уровней, – рассказала она.

Другие изменения коснутся порядка выплаты вознаграждений. Так, за рацпредложение без экономического эффекта размер выплаты будет уменьшен из-за некорректного использования некоторыми авторами этих коэффициентов. В то же время будут повышены выплаты рационализаторам, у которых предложение тиражируется, даже если оно без экономического эффекта.

В свою очередь, инженер технического отдела ВЧД-8 Дархан Ахитов проинформировал собравшихся о минимальных и максимальных суммах за рацпредложение без экономического эффекта (17675 тенге и 99422 тенге, соответственно), а также о том, как высчитывается размер авторского вознаграждения за предложения с экономическим эффектом и поощряется содействие.

Итоги минувшего года и первого полугодия 2019-го по организации рационализаторской деятельности в Акмолинском отделении грузовых перевозок подвел начальник Центра научно-технической информации и анализа Акмолинского отделения магистральной сети Кокшетау Жасулан Даутов. Он отметил, что в минувшем году в регионе подано 223 предложения от 174 рационализаторов, из них внедрено 193. Экономический эффект при плане 1 миллион 125 тысяч тенге достиг 38 миллионов. Основная доля в этой внушительной сумме пришлась на предложения от ПЧМ станции Сороковая. К слову, ежегодно представители Акмолинского региона занимают призовые места на конкурсе «Үздік рационализатор».

– Наряду с этим идет внедрение технических новшеств. При плане 57 было подано 66, в том числе 49 – из источников ҚТЖ. Экономический эффект составил 511 тысяч тенге, – добавил он. – За полугодие при общем плане 74 рацпредложения зарегистрировано 99, внедрено 64, остальные на рассмотрении. Экономический эффект – 48 миллионов тенге.

Жасулан Даутов отметил, что особое внимание уделяется обеспечению доступности технической литературы.

– В настоящий момент мы проводим оцифровку и сканирование всей литературы, чтобы уже к 2020 году вся база библиотек была доступна в личном кабинете пользователя с помощью мобильного устройства в любое время суток из любой точки страны, – сказал он.

О проблемах и решениях по организации технической учебы доложила менеджер отдела производственного обучения технического центра Сая Башенова.

– В первом квартале 2019 года по АО «НК «ҚТЖ» проведено 309860 человеко-занятий. За весь период зарегистрировано 44 случая не сдачи тестов из-за недостаточной подготовки. 42 из них по АО «КТЖ – Грузовые перевозки» и 2 по АО «Қазтеміртранс», – сообщила она.

В целях совершенствования систем производственного обучения по группе компаний АО «НК «ҚТЖ» техническим центром разработан Комплексный план по развитию системы профессионального обучения работников без отрыва от производства на 2019 год.

– Создана рабочая группа, по итогам работы которой разработан проект актуализированного стандарта с внесением изменений в части планирования, организации и проведения технических занятий. Сейчас этот стандарт на согласовании в департаментах центрального аппарата компании, – добавила она. – Кроме того, для разработки базы методических информационных материалов, методических рекомендаций, указаний при организации и проведении техзанятий создана методическая группа. В нее вошли работники центрального аппарата, филиалов, структурных подразделений и грузовых перевозок.

Более подробно этот вопрос в своем докладе осветил один из членов методической группы – инженер-технолог станции Сороковая Азамат Ибраев.

Наряду с этим на семинаре были затронуты вопросы оформления и ведения нормативно-технической документации, предоставления документов смежным службам и другие. Участники поделились видением по улучшению деятельности.

В ходе мероприятия начальник технического отдела Акмолинского отделения грузовых перевозок Гульнара Шинкович вручила дипломы за активное участие в рационализаторской деятельности и внедрение рацпредложений лучшим работникам региона: старшему приемщику локомотивов Астанинского эксплуатационного локомотивного депо Мейраму Ибраеву, инженеру-электронщику Курорт-Боровского эксплуатационного вагонного депо Дмитрию Рябову, инженеру-технологу Курорт-Боровского эксплуатационного локомотивного депо Ерлану Рахметжану. В номинации «Лучший технический информатор» награждены техник технического отдела Астанинского эксплуатационного вагонного депо Дархан Ахитов, начальник технического отдела Жана-Есильского эксплуатационного локомотивного депо Самат Мусин и инженер-технолог Астанинского эксплуатационного локомотивного депо Мейрамгуль Аргымбай.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

СОТРУДНИЧЕСТВО

# ХОРГОССКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ ДЛЯ НЕМЕЦКОГО БИЗНЕСА

Делегация участников Казахстанско-германского форума, организованного в Алматы по поручению федерального министерства экономики и энергетики Германии, посетила объекты хоргосского транспортно-логистического хаба. Представители немецких логистических и транспортных компаний побывали на СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота», сухом порту «KTZE – Khorgos GateWay» и МЦПС «Хоргос».



**Ирина БЕКТИЯРОВА,**
*Хоргос*

– Компании Германии заинтересованы увидеть на месте, как развивается казахстанская и китайская стороны хоргосского хаба, каковы возможности для инвестиций германских компаний и перспективного сотрудничества по программе для малых и средних компаний по открытию новых рынков, контактов в Центральной Азии, – сказал ассистент проекта NETSCI Бакытжан Болпанов.

